№28 (20 945)
16 шілде,
2026 жыл, бейсенбі

Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

Atyrau.gazeti
atyrau_gazeti@mail.ru
Атырау газеті
www.atr.kz
«Атырау» газеті
atyrau_gazeti
Atyrau_news
Атырау жаңалықтары

*Отандық өнім

АТЫРАУДА жасалған!

АТЫРАУДАҒЫ BEYZA БРЕНДІМЕН ӨНДІРІЛЕТІН РАФИНАД ҚАНТЫ МЕН ШАЙЫ БҮГІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ ӨҢІРІНЕ ЖӘНЕ РЕСЕЙ НАРЫҒЫНА ЖЕТКІЗІЛІП ОТЫР. КӘСІПОРЫН ЖЫЛЫНА 500 ТОННАҒА ДЕЙІН РАФИНАД ҚАНТЫН ӨНДІРІП, 30-ДАН АСТАМ АДАМДЫ ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫП КЕЛЕДІ.

Кәсіпорындағы рафинад қантын өндіру бағыты 2016 жылы Түркиядан әкелінген заманауи қондырғылардың көмегімен іске қосылған. Өндірісте бірінші сортты қант пайдаланылады. Өнімге ешқандай қоспа қосылмайды. Қант тек сумен өңделіп, арнайы қалыпқа салынып, кептіріледі. Цехтың тәуліктік қуаттылығы 6 тоннаға дейін жетеді. Дегенмен өндіріс көлемі тапсырысқа байланысты орта есеппен 3-4 тоннаны құрайды. Өндіріс процесі толықтай автоматтандырылған.

– Beyza сөзі түрік тілінен аударғанда «аппақ, қардай таза» деген мағынаны білдіреді. «Береке» сауда-дистрибьюторлық компаниясы осы брендпен күріш, консерві өнімдері, дәмдеуіштер, тұрмыстық химия және үйге қажетті тауарларды да шығарады, - деді «Береке» сауда желісінің директоры Бекболат Серәлі.

2019 жылы кәсіпорын «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының жеңілдетілген несиесі арқылы жаңа өндірістік жабдықтар сатып алған. Сонымен қатар компания әлеуметтік жобаларға белсенді қатысып, «Рауан» Атырау қайырымдылық қорымен бірлесіп қайырымдылық шараларын тұрақты түрде өткізіп келеді.

Өз тілшіміз

*Ішкі нарықты қорғау

Шекарадағы жанармай:

Бақылау НЕГЕ күшейді?

Коллажды жасаған Дәурен МҰХАМБЕТАЛИЕВ

МҰНАЙ-ГАЗДЫҢ ОТАНЫ – РЕСЕЙДЕ ҚАЗІР ЖАНАРМАЙ ТАПШЫ. ЕЛДІҢ БІРАЗ ЖЕРІНДЕ ОНЫ САТУҒА ШЕКТЕУ ҚОЙЫЛҒАН. ЖАНАРМАЙ БЕКЕТТЕРІНДЕ ҰЗЫНСОНАР КЕЗЕК. МҰНЫҢ РЕТІН САҚТАУ ҮШІН БИЛІКТЕГІЛЕР ҚОҒАМДЫҚ КӨМЕКШІЛЕРДІ ТАРТЫП ЖАТҚАН КӨРІНЕДІ. АХУАЛДЫҢ ОСЫНШАЛЫҚ АСҚЫНУЫНА «ҰШҚЫШСЫЗ ҰШАҚТАРДЫҢ ЗАУЫТТАРҒА ШАБУЫЛЫ СЕБЕПШІ» ДЕЙДІ САРАПШЫЛАР.

(Толығырақ 3-бетте)

*Талапкер

ГРАНТ кімге бұйырады?

АТЫРАУДА ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ГРАНТЫ КОНКУРСЫНА ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУДЫ БАСТАДЫ. ТАЛАПКЕРЛЕР ҚҰЖАТТАРЫН 20 ШІЛДЕГЕ ДЕЙІН ТАПСЫРА АЛАДЫ. БИЫЛ РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША ЖОҒАРЫ БІЛІМ АЛУҒА 89 457 МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ГРАНТЫ БӨЛІНГЕН. ОНЫҢ ІШІНДЕ 73 149-Ы – БАКАЛАВРИАТҚА, 13 229-Ы – МАГИСТРАТУРАҒА, 3 079-Ы – ДОКТОРАНТУРАҒА АРНАЛҒАН.

Биыл Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетіне 190 мемлекеттік білім беру гранты бөлінді. Оның 160-ы педагогикалық бағыттағы мамандар даярлауға, 20-сы стандарттау, сертификаттау және метрология мамандығына, ал 10-ы балық шаруашылығы саласына қарастырылған. Ал С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетіне 112 мемлекеттік білім беру гранты бөлінді.

Мемлекеттік білім беру гранты конкурсына қатысу үшін талапкерлер Ұлттық бірыңғай тестілеу сертификатын және қажетті құжаттарды тапсыру қажет. Құжат қабылдау 20 шілдеде аяқталады.

*Ауыл шаруашылығы

СӨРЕЛЕРДЕ – жергілікті өнім

МАХАМБЕТ ШАРУАЛАРЫ АЛҒАШҚЫ ӨНІМДІ НАРЫҚҚА ШЫҒАРА БАСТАДЫ.

Биыл өңірде 4785,9 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Қазір шаруалар 300 тоннадан астам көкөніс пен 100 тоннадан астам бақша өнімін жинап үлгерді. Жиын-терім қараша айына дейін жүргізіледі. Мемлекеттік қолдау аясында шаруаларға жеңілдетілген дизель отыны, минералды тыңайтқыштар мен субсидиялар беріліп, суару инфрақұрылымы кезең-кезеңімен жаңғыртылуда. Ал жиналған өнім алдымен жергілікті нарыққа шығарылып, кейін облыс тұрғындарын сапалы әрі қолжетімді көкөніс және бақша өнімдерімен қамтамасыз етуге бағытталады.

Бек АЙДАРӘЛИ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУ
7 Елде жоқ ерекше құрылғы

ҰРПАҚ
11 Сені қалай қорғаймын, балақай?..

ПАТРИОТИЗМ
16-17 Арман жетелеген атыраулықтар

КӨЛЕҢКЕ
20 «Қалай несие алғанымды білмеймін»



*Республикалық форум

Отан – қуат, отбасы – шуақ

«ӘЛЕМДІК ЖАҺАНДАНУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАРАМАСТАН, ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОТБАСЫ –ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ БІРЛІК ҒАНА ЕМЕС, ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАР, МОРАЛЬДЫҚ НОРМАЛАР, МӘДЕНИ САБАҚТАСТЫҚ ПЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН, ТҰЛҒАНЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРЕТІН АЛҒАШҚЫ ИНСТИТУТ» ДЕДІ «ОТБАСЫ ЖӘНЕ ГЕНДЕР: ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕР» ТАҚЫРЫБЫНДА АТЫРАУДА ӨТКЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФОРУМДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ІСТЕРІ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ЛӘЗЗАТ СҮЛЕЙМЕН.

Қандай қоғам болмасын, ұрпақтан ұрпаққа сабақтасып келе жатқан ұлтымыздың дәстүрлі отбасы құндылықтарын, тәрбиені, өнегені сақтау бәрінен де маңызды. Сонымен қатар қазіргі заманғы жаһандық өзгерістер кезінде гендерлік саясатты дамыту да ұмытылмауы керек.

– Біз қоғамның тұрақтылығы мен мемлекетіміздің беріктігінің негізі саналатын отбасы институтының бүгіні мен болашағын, ұлттық құндылықтардың сақталуы мен заман талабына сай жаңғыруын талқылау үшін бас қостық, - деді облыс әкімінің орынбасары Дарын Шамұратов.

Шара барысында алдыңғы буынның отбасы тәрбиесіндегі орнына ерекше маңыз берілді. Қатысушылардың пікірінше, аға буын – тәртіп пен өмірлік тәжірибенің ғана емес, рухани сабақтастық пен адамгершілік құндылықтардың негізгі өзегі. Сондықтан үлкенді құрметтеу қазақстандық отбасының басты құндылығы болып қалуы қажет.

(Соңы 8-бетте)